

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық Комитет мәжілісінің**  
**№1 Хаттамасы**

Түркістан қ.

21.10.2022 ж.

**Қатысқандар:**

«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы: Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент, АК мүшелері: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор, Садибеков А.К. аға оқытушы, Дәулетов Мәлік «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, Тәжібаева Назерке 2-курс студенті, Абдумутали Еңлік 1 курс студенті.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу;
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу;
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу,  
-әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;  
-түлектер моделін әзірлеуге қатысу;

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. **А.Бельдибекова, АК төрағасы:** Құрметті Академиялық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылының Академиялық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша, кадр даярлау нарығына талдау жүргізу; университет түлектерінің моделін әзірлеу мәселесін талқылаймыз, ой пікірлеріңізді айтып, ортаға сала отырыңыздар.

**АК мүшесі, академиялық персонал А.Сәдібеков:** Бірінші мәселеге тоқталсам, Академиялық кеңес жұмысы ұйымдастырылып, «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша АК ережесімен және сол ережеге сүйеніп жасалған жұмыс жоспары таныстырылды.

2. **А.Бельдибекова, АК төрағасы:** - мамандық бойынша кадр нарығына талдау жасалғанын атап өтті. Талдау жасауға АК мүшелері: ф.ғ.к., профессор Б.Сердәлі, ф.ғ.к., доцент м.а. А.Белдибекова, аға оқытушы А.Садибеков сонымен қатар жұмыс берушілерден М.Дәулетов, «Түркістан-медиа» ЖШС директоры қатысып, талқыланғанын айтып өтті.

**М.Дәулетов, «Түркістан-медиа» ЖШС директоры:** – Екінші мәселе, кадр нарығы бойынша өз ойымды айта кетсем. Бүгінгі таңда еліміздің ақпараттық саясатын жүргізу мемлекеттік идеологиямен ұштасып жатқан маңызды приоритеттің бірі. Идеология мен ақпарат майданында белсенді қызмет ететін медиа мамандары мен журналист кадрларын даярлау еліміздің білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі. Білім беру жүйесін жаңғырту, мамандардың тұлғалық деңгейіне, құзыреттілігі мен кәсіби біліктілігіне еңбек нарығы тарапынан қойылатын талаптар деңгейін бұрынғыдан да арттырып отыр. Бүгінде Қазақстан Республикасы көлемінде қарастыратын болсақ бұл мамандық 30-ға жуық ЖОО-ларда даярланады. Алайда, Алматы университеті не Астана университетін бітірген мамандар бізге жұмысқа келмейтіні белгілі. Сол жергілікті және халықаралық университетте даярланып жатқан білікті мамандардың бәсекеге қабілетті болып, сұранысқа сай даярлануына мүдделіміз. Бүгінгі мына өзгермелі қоғамда, ақпараттық коммуникациялық-технологияның дамыған кезінде кадр нарығы мамандардан жан-жақты әмбебап біліктілік пен білім-білігін тәжірибеде қолдана алатын

іскерлікті, технологияның озық үлгілерін меңгеруді талап етеді. Бұл ретте кафедраның жұмыс берушілермен тығыз байланыс жасап, тәжірибелі медиа саласы мамандарымен әріптестік орнатуы заман талабы.

**АК мүшесі, академиялық персонал А.Сәдібеков:** -Үшінші мәселе бойынша Университет түлектерінің моделін әзірлеу бағыты бойынша тоқталар болсақ, бұл бағытта жұмыстар жүруде. Мамандықты бітіріп шыққан түлектермен байланыс орнатылып, Түлектер қауымдастығы құрылды. Мамандық бойынша жемісті жұмыс істеп жүрген түлектер: М.Әбсаттар, А.Тілепов, С.Кенжебаева, Ғ.Жәпішев, Г.Балабасова, Н.Әкімхановпен қазіргі оқып жатқан студенттермен кездесулер ұйымдастырылып, түлектер мен студенттер арасында өзара достық қатынас колоборация орнаған. Биылғы жылы университетіміздің 30 жылдығына орай кең көлемде түлектер форумы ұйымдастырылды. Түлектеріміз туралы ақпараттар кафедраның әлеуметтік желілерінде жарияланып тұрады, алдағы уақытта сайттарға орналастыруымыз керек.

**А.Бельдибекова, АК төрағасы:** - Құрметті Академиялық комитет мүшелері, өздеңізбен бірқатар мәселелерді талқыладық. Атап айтқанда: АК құрамы нақтыланды, АК ережесі және жұмыс жоспары таныстырылды. Жалпы, қазан айында атқарылуға тиіс жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылып, талқыланды.

### ШЕШІМ:

«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қазан айында атқарылған жұмыстар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрайымы:



А.Бельдибекова

Хатшы :



А. Ташимова